

## Карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 1 желтоқсандағы N 273 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 10 желтоқсанда N 7-13-117 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 16 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2010.02.11 N 16 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Шыңғырлау ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының 2009 жылғы 25 қарашадағы N 501 ұсынысына сәйкес, құтыру ауруының әлеуметтік қауіптілігін ескере отырып, осы ауруға қарсы эпизоотиялық шаралардың орындалуын қамтамасыз ету және округ тұрғындарын құтыру ауруынан сақтандыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Ірі қара малы арасында құтыру ауруының тіркелуіне байланысты Шыңғырлау селолық округінің аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне, Шыңғырлау селолық округ әкімімен, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Шыңғырлау ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" Мемлекеттік мекемесімен және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Шыңғырлау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен бірлесе отырып, шаруашылық-ұйымдастыру, санитарлық және арнайы ветеринариялық медициналық шараларын уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз ету **ұ с ы н ы л с ы н** (келісім бойынша).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.  
Б а й м е н о в к е ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі М. Тоқжанов

К Е Л І С І Л Д І

Батыс Қазақстан облысының  
әкімдігі денсаулық сақтау  
басқармасының "Шыңғырлау  
аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорнының директоры

Қалмен Толыбай Қалменұлы \_\_\_\_\_ 01.12.2009

К Е Л І С І Л Д І

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешендегі  
мемлекеттік инспекция комитетінің  
Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Досказиев Сайн Төлегенұлы \_\_\_\_\_ 01.12.2009

К Е Л І С І Л Д І

"Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрлігі Мемлекеттік  
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау  
Комитетінің Батыс Қазақстан облысы  
бойынша департаменті Шыңғырлау  
ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Сабилов Ермек Хатимұлы \_\_\_\_\_ 01.12.2009